

Ашық сабақтар

1. 2026 жылдың 17 ақпанында 1 “Ғ”-сыныбында жаратылыстану пәнінен ашық сабақ өткізілді. Сабақтың тақырыбы: Уақыттың адам өміріндегі маңызы.

Сабақ психологиялық дайындықпен басталды. Үй тапсырмасы “Wordwall” платформасы арқылы тексерілді. Үй тапсырмасын тексеру барысында оқушылар сабақты жақсы түсінгендерін көрсете білді. Сабақтың тақырыбын мұғалім сөзжұмбақ арқылы ашты. Жеке, жұптық тапсырмалар ұйымдастырылды. Жасанды интеллект арқылы жаңа тақырып туралы толық мағлұмат берілді. Сергіту сәті балаларға қызықты болды.

Оқушылар сабақ барысында өздерінің күн тәртібін құруды, уақытты тиімді пайдалануды үйренді.

“Бағдаршам” әдісі арқылы оқушылардың сабақты түсінген, түсінбегені тексерілді.

Сынып жетекшісі: Мәрден А.Б.



2. 2026 жылғы 18 ақпанда 4«А»сыныбында қазақ тілінен ашық сабақ өткізілді. Сабақтың тақырыбы – «Ұсыныс білдіремін»

Сабақ барысында оқушылар жағымды психологиялық атмосфера құру үшін тақпақтарын айтып, бір-біріне жақсы көңіл-күй сыйлады. Үй тапсырмасын пысықтау мақсатында «Wordwall» платформасы арқылы сұрақтарға белсенді жауап берді.

Сабақ барысында оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі белсенді әдіс-тәсілдер қолданылды. Топтық, жұптық және жеке жұмыстар үйлесімді ұйымдастырылып, әр оқушының қатысуына мүмкіндік берілді. Жасанды интеллект элементтері пайдаланылып, көрнекілік арқылы тапсырмалар орындалды. Сергіту сәті қимыл-қозғалыс арқылы жүзеге асырылып, оқушылардың зейіні қайта шоғырландырылды.

Оқушылар кейіктерді қорғауға байланысты өз ұсыныстарын айтты. Берілген тапсырмалар бойынша өз бетінше жұмыс жасап, шығармашылық белсенділіктерін көрсетті. Сабақ барысында балалар топта жүйелі жұмыс жасап, оқу мақсаттарына сәйкес тапсырмалар кезең-кезеңімен орындалды.

Сабақ соңында кері байланыс ЖИ көмегімен алынды. Нәтижесінде сабақ мазмұнды, тартымды әрі нәтижелі өтті. Оқу мақсатына қол жеткізіліп, оқушылардың білім деңгейі айқындалды.

Өткізген мұғалім: Киянов А.О.



3. 2026 жылғы 19 ақпанда 10«Г» сыныбында қазақ әдебиеті пәнінен ашық сабақ өткізілді. Сабақтың тақырыбы – Ш. Айтматов «Алғашқы ұстаз» повесіндегі Дүйсеннің ұлағаты

Сабақ барысында оқушылар бір-біріне жылы лебіздерін білдіріп, ізгі тілектерін айтты. Үй тапсырмасын толық әрі мазмұнды түрде баяндап, өткен тақырыпты жақсы меңгергендерін көрсетті. Пәнге деген қызығушылықтары артып, сабаққа белсенді қатысып отырды.

Сабақта топтық, жұптық және жеке жұмыстар тиімді ұйымдастырылды. Жасанды интеллект мүмкіндіктері қолданылып, ой түрткі сұрақтар қойылды. Сонымен қатар тақтамен жүйелі жұмыс жүргізіліп, оқу тапсырмалары рет-ретімен орындалды.

Оқушылар топтық жұмыста да өз белсенділіктерін көрсетіп, өз жұмыстырын қорғады. Нәтижесінде топтар арасында бәсекелестік туып, сабақ қызықты әрі тартысты өтті.



Өткізген мұғалім: Әділбек А.Б.

4. 2026 жылғы 19 ақпанда 1-«Ә» сыныбында ана тілі пәнінен ашық сабақ өткізілді. Сабақтың тақырыбы – «Әліпби. Өтірік өлең».

Сабақ барысында оқушылар бір-біріне жылы лебіздерін білдіріп, ізгі тілектерін айтты. Үй тапсырмасын толық әрі мазмұнды түрде баяндап, өткен тақырыпты жақсы меңгергендерін көрсетті. Пәнге деген қызығушылықтары артып, сабаққа белсенді қатысып отырды.

Сабақта топтық және жеке жұмыстар тиімді ұйымдастырылды. Жасанды интеллект мүмкіндіктері қолданылып, сергіту сәті өткізілді. Сонымен қатар тақтамен жүйелі жұмыс жүргізіліп, оқу тапсырмалары рет-ретімен орындалды.

Оқушылар берілген сурет бойынша өтірік өлең құрастырып, шығармашылық қабілеттерін танытты. Нәтижесінде сыныпта көтеріңкі көңіл күй қалыптасып, сабақ мазмұнды әрі әсерлі өтті.

Сынып жетекшісі: Умирзакова К.Н.



😊

Ответ